

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ  
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ  
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И  
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ  
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
*атты Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған жоғары оқу  
орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен  
студенттердің ғылыми конференциясының*  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**30 сәуір 2013 жыл**

**VII Шығарылым**

**МАТЕРИАЛЫ**

*Ежегодной Межвузовской научной конференции  
магистрантов и студентов, посвященной Празднику  
единства народа Казахстана*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,  
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

**30 апреля 2013 года**

**VI Выпуск**

**Алматы қаласы**

**город Алматы**

*Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»*

**Ответственный редактор**

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

**Члены редколлегии:**

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А\_\_ **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Празднику единства народа Казахстана. 30 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 212 с.

**ISBN**

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК  
ББК**

*Адамбеков А.А.*  
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*заң факультетінің 3 курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.*

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЮВЕНАЛДЫ ЮСТИЦИЯНЫҢ ДАМУЫ  
ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ювеналды юстиция— кәмелет жасқа толмаған азаматтардың ісімен айналысатын заң саласының бір тармағы (балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғау, кәмелетке толмағандардың қылмыстарын қарастырып, сараптама жүргізу).

Қазіргі таңда Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер қылмысының белең алуы өзекті мәселеге айналууда. Ювеналдық юстиция бала құқына қатысты әртүрлі мәселелерді талқылады.

Ювеналдық юстиция қиын өмірдің жағдайына тап болған жасөспірімге отбасы, мектеп, қоғам, одан теріс айналмай, көмек қолын созуы керек. Құқық бұзушылық жасаған немесе қылмыстық қудалау аясына тап болған балалар ересектерге қарағанда, басқаша қарауды қажет етеді. Осыған байланысты Ювеналды юстиция балалар құқын қамтамасыз етуге, әділеттілік орнатуға және қайшылықтың шешімін табуға бағытталған.

Өкінішке орай, еліміздегі әрбір 13-ші қылмысты жасөспірімдер жасайды. Ювеналдық соттар жүйесінің енгізілуі кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың өсуіне көңіл аудару қажеттілігіне емес, бірінші кезекте, балалар құқының сақталуы үшін құрылған. 2003 жылдан бері Қазақстанда біздің елде ювеналды юстицияның дамуы бойынша «Қазақстан-Сорос» қорының жобасы жүзеге асырылууда [1].

Елімізде бала құқықтарын қорғау, өмірін сақтау саласында құқықтық база қалыптасқан. Балалар өмірі сапасының халықаралық стандарттарын қамтамасыз етудің маңызды қадамы ретінде Қазақстан 1994 жылы БҰҰ Бала құқығы жөнінде Конвенциясы ратификациялады. Шетелдің құқықтық жүйесіне зер салсақ, олар бала құқықтарының сақталуына ертерек ден қойғанын байқауға болады. Мәселен, 1924 жылы – Ұлттар лигасының Женева бала құқықтары туралы декларациясы және 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Бала құқықтары декларациясын қабылдады. 1979 жылы халықаралық Бала жылы болып жарияланды. Мемлекетаралық бала асырап алу саласындағы ынтымақтастық туралы Гаага Конвенциясы бекітілді. Конвенция шетелдіктердің баланың абзал мүдделеріне орай оның құқықтарын сақ-тай отырып, бала асырап алуды жүзеге асыруына кепілдіктерді көздейді. Сондай-ақ, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заң қабылданды. Бұл балалардың

заңды құқықтары мен мүдделерін сақтауға қатысты мемлекеттік саясат элементі болып табылады. Ел Үкіметі 2003 жылы Жастар саясаты бағдарламасын бекітті. Алайда, жекелеген проблемаларды шешуге бағытталған, мұндай салалық бағдарламалар балалардың жағдайын жақсартудың проблемаларын толық шеше алмайды.

Атап айтқанда кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі проблемалар және оларды шешу жолдары туралы әңгіме бір күнде шешілетін мәселе емес [2].

Данышпан ата бабаларымыз «Еліңнің болашағы көркем болсын десең, балаңды азамат қыл» деп тектен тек айтпаған. Себебі қандай дамыған ел болса да, егер олардың жастарының дамуы мен тәрбиесі дұрыс арнада, дұрыс бағытта жүргізілмесе сол мемлекеттің болашағы жоқ деп айтуға болады. Сондықтан қандай ел болмасын, мемлекеттік бірінші ұстанатын саяси қағидасы: «ел болашағы- жастардың қолында». Бұл қағида біздің елімізде де озінің нақты бейнесін тауып, іс жүзінде жүзеге асырылуда.

Атап айтсақ, соңғы кездері елімізде ювеналды юстиция жақсы дамуда. Оған дәлел болатын ҚР «Балалар құқығы туралы» Заңы, түрлі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, халықаралық «Қазақстандағы ювеналды юстиция» жобасын іске асыру. Алайда Қазақстан республикасындағы заңның бұл жүйесі қарқынды даму жолына енді ғана түсті. Ювеналдық юстицияның қалыптасуының алғышарттарының негізгілері: заңды әсер етудің айқын концепциясы, нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру, институционалдық базаны қалыптастыру, мамандарды кәсіптік даярлау мен деңгейін көтеру жүйесі. Ювеналды юстицияның нормативті және институционалды базасының өзекті сұрақтары Қазақстан Республикасының президенті бұйрығы бойынша қабылданған құқықтық саясат концепциясында көрініс тапқан. Мемлекеттегі сот жүйесін дамытудың перспективті бағыттарының бірі- ювеналды соттар. Әрине, арнайы сот ювенальды юстиция жүйесіндегі маңызды бөлімдердің негізгісі болып табылуы тиіс және ҚР Конституциясында баяндалғандай: ҚР сот билігі Конституция негізінде пайда болған барлық істер мен дауларға, заңдар мен нормативтік актілерге, халықаралық келісімді реттеп, оларға әсер етеді. Көптеген заңнамалар қабылданғанымен, олқылықтар мен кемшіліктер әлі де болса да бар. Атап айтсам, қазіргі кезде кәмелетке толмағандардың сот ісін жүргізуде педагог пен психолог қызмет атқарады. Алайда оның міндеті кәмелетке толмаған азамат немесе адамның құқығы мен бас бостандығын қорғау емес, қылмыстық сот ісін жүргізетін органның мүддесін қорғау болып табылады. Яғни бұл жағдайда жасөспірім ешқандай моральдық, психологиялық қолдаусыз қалады. Ал бұл өз кезегінде жас жеткіншектің ішкі жан дүниесіне орны толмайтын із қалдыру арқылы, оның болашағына балта шабады [3].

Сонымен қатар Қазақстандағы ювенальды юстицияны қалыптастырудағы тағы бір кемшілік-кәмелетке толмағандар ісімен айналысатын арнайы әлеуметтік қызметкерлердің болмауы. Бүгінгі таңда аталған жүйе көптеген дамыған мемлекеттерде қолданылады. Қызметтің

негізгі жұмысы: құқық бұзушылық жасаған жасөспірім туралы негізгі мағлұматтарды жинау, жасөспірім және оның отбасымен танысу, әлеуметтік жағдайын ескеру, психологиялық жағдайын тексеріп, керек болған жағдайда психолог көмегіне жүгіну.

Жасөспірімдер туралы мәселенің тағы бірі- кәмелетке толмаған, қоғамға қауіпті қылмыс жасаған, қылмыстық жауапкершілік жасына жетпеген адамдар мен азаматтарға қазіргі кезде процессуалдық емес жүйе бойынша қылмыстық іс жүргізіледі. Мұның салдарында кәмелетке толмаған қылмыскер, жасөспірім құқықбұзушыға қарағанда мемлекет тұрғысынан жақсы қорғалған. Менің ойымша бұл жерде «Ерекше жағдайлар» қатарында ҚІЖК (Қылмыстық іс жүргізу кодексі) жеке бөліміне «кәмелетке толмағандардың қоғамға қауіпті әрекет жасаған жағдайларын қарау, ерекшеліктерін ескеру» сияқты бөлім енгізген жөн деп санаймын. Аталған бөлімде сотқа дейінгі материалдарды даярлаудан бастап, сот қарауындағы материалдардың да ерекшеліктерін ескеру қажет [4].

Сонымен қатар қазіргі таңдағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы заң бұзушылығының бір себебі- балалар үйінде тәрбие алған азаматтардың психологиялық, моральдық және материалдық жағдайдан қарастырғанда да өмір талабына сай болмауы. 1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Балалар құқығы туралы халықаралық конвенциясының» преамбуласында баяндалғандай, отбасы баланың жақсы тәрбие алып, жанжақты дамуына негізгі септігін тигізетін қоғамдық ұяшық немесе механизм болып табылады. Конвенцияға сай әр бала отбасы атмосферасындағы ата ана қамқорлығы мен махаббатын сезініп, олар тарапынан түсінушілікке ие бола отырып өсуі қажет. Тек сол жағдайда ғана еліне елеулі, халқына қалаулы азамат ержететіндігіне кепілдік болады. Ал қазіргі кездегі еліміздің жағдайын алып қарайтын болсақ, балалар үйінің саны өте көп. Олардың көптеп пайда болуының негізгі бірнеше себептерін атап айтуға болады:[3]

Басты себептерінің бірі, халықтың әлеуметтік жағдайының төмен болуы. Көптеген ата аналар балаларын тиісті деңгейде материалдық жағынан қамтамасыз ете алмағандықтан ата ана құқығынан айырылып жатады. Сондықтан статистика бойынша пайыз 63% балалар үйінің тәрбиеленушілері әке шешесі бола тұра, тірі жетім атануда.

Медициналық, әлеуметтік қамтамасыз етудің тиісті деңгейде жүргізілмеуі. Соған байланысты, ана мен бала өлімі көптеп белең алуда және кемістігі бар балаларға медициналық көмек көрсету орталықтарының аз болуы, оларға толыққанды емдеу жұмыстарының жүргізілмеуі соның айғағының бірі. Осыдан кейін баласына еш шарасы болмаған ата ана өз нәрестесін балалар үйіне беруге мәжбүр болады. Ата заңымыздың 28-бабында әрбір азаматтың жасы мен мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуынан байланысты заңды негізде оларды әлеуметтік жағынан қорғауға кепілдік беріліп [5], «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік жағынан қорғау туралы» Заңында мемлекеттік органдар мен мекемелердің, ұйымдардың меншік түріне қарамастан мүгедектердің кез келген ғимаратқа кедергісіз енуіне жағдай жасау жүктеліне тұрса да,

көптеген жерлерде басшылардың жауапсыздығы салдарынан заңның осы талаптары сақталынбай келеді. Қысқасын айтқанда, арнайы арбаға таңылған мүгедектердің әкімшілік ғимараттарына, оның ішінде әлеуметтік инфрақұрылымдардың нысандарына кедергісіз енуіне жағдай жасау назардан тыс қалған, облыс орталығы мен қалалардағы ғимараттар арбаға таңылған мүгедектердің кедергісіз енуіне лайықталынып, жасақталынбаған.

«Балалар құқығы туралы конвенциясының» 7 бабында, әрбір бала бар мүмкіндігінше өз ата анасын білуге және олардың тарапынан қамқорлыққа ие болуға құқығы бар делінген. Яғни балалар үйіндегі кез келген бала ата анасынан қамқорлық немесе материалдық қамтамасыз етуді талап ете алады. Сол жағдайда баланың заңды мүддесін тиісті заң органы қамтамасыз етуі тиіс, ал бұл біздің елімізде әлі дұрыс жолға қойылып, дамыған жоқ [3].

ҚІЖК 495-бабында айтылғандай, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуін күштеп әсер ету арқылы тәрбие жұмыстарын жүргізу арқылы іске асады. Сонымен қатар мұндағы іс-әрекеттер детальды регламентациялық тұрғыдан толықтырылып, кәмелетке толмағандардың арнайы мекемелерде тәртіптік түзелу уақытын қарастыру қажет [4].

Осы аталған мәселелер шешімін табу үшін, алдымен заңда келесі құқықтық идеялар орын табуы тиіс:

1. Кәмелетке толмаған адам немесе азамат сот алдында заң бұзушы ретінде емес, ерекше субъект ретінде қарастырылуы керек.
2. Баланың жеке басының ерекшеліктері мен оның тұрып жатқан аумағын ескеру қажет.
3. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмысты болдырмаудың алдын алу қызметтерін құру.
4. Сот жүйесінің жанындағы әлеуметтік қызметкерлер арқылы кәмелетке толмағандардың әлеуметтік әл-ауқатын түзету
5. Аз қамтылған және көпбалалы отбасында немесе балалар үйінде және интернаттарда тәрбиеленетін балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, олармен қарым-қатынаста болып, психологиялық тренингтер жүргізу.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Интернет көздері
2. Тыныс Ахметжанова <<Заң газеті>> Астана, 2012 ж.
3. 1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Балалар құқығы туралы халықаралық конвенция».
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 13 желтоқсан 1997 жыл.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл.

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдрахман А.Д.</b> Қылмыстан сақтандыру және сот билігі.....	
<b>Абдрахметова А., Жоламанова Н.</b> Адвокаттық қызметті ұйымдастыру.....	
<b>Абен Т.А.</b> Жеке басы белгісіз мәйіттерді криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
<b>Адамбеков А.А.</b> Қазақстандағы ювеналды юстицияның дамуы және қызмет атқару ерекшеліктері.....	
<b>Айнакулова Д.</b> Этика адвоката.....	
<b>Асқарқызы Ә.</b> Кісі өлтірудің тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.....	
<b>Асубаева А.С.</b> Криминалистикалық одорологияның қылмысты ашудағы маңызы.....	
<b>Асубаева А., Джаугаштина А.</b> Қылмыстық сот ісін жүргізуде бәсекелестік принципінің қылмыстық процессуалдық мәселелері.....	
<b>Әбдіқожаева А., Базарлинова А.</b> Адвокаттық құпия және адвокаттың кәсіби әдебі.....	
<b>Әшімбаева А.М.</b> Проблемные вопросы уголовно-правовой и криминалистической характеристик угона и кражи транспортных средств.....	
<b>Байбалаев А.Б.</b> Кәметке толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы және оның алдын алудың проблемалары.....	
<b>Баймбетова Л.Т.</b> Криминалистикалық болжамдар және олардың қылмыстарды ашу мен тергеудегі рөлі.....	
<b>Байшуахов А.М.</b> Специфика судебной речи.....	
<b>Балтабаев А.Ғ.</b> Бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі ұйымдасқан қылмыстық топтардың тарабынан орын алатын бопсалау қылмысымен күресу болып табылады.....	
<b>Болатбекқызы Ә.</b> Адамның аяқ іздерін зерттеудің мәселелері.....	
<b>Бураханова А.Н.</b> Некоторые особенности женской преступности.....	
<b>Дарибаева Қ.Б.</b> Жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасы.....	
<b>Даутова Н.</b> Судебное красноречие.....	
<b>Даутова Н.</b> Некоторые особенности допроса как разновидности общения... ..	
<b>Джаугаштина А.К.</b> Хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
<b>Dzhumakhanbetova E.</b> Qualification of an unfinished crime.....	
<b>Дүйсенбай Р.М.</b> Тонау бойынша жүргізілетін алғашқы және кейінгі тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру шаралары.....	
<b>Ем М.</b> Проблемы участия законного представителя в допросе несовершеннолетнего подозреваемого, обвиняемого на предварительном расследовании.....	
<b>Ералиева К.Ш.</b> Проблемы прокурорского надзора за законностью исполнительного производства.....	
<b>Естібай А.А.</b> Проблемы педофилии среди молодежи.....	
<b>Жұмақұлова А.М.</b> Ақша белгілерінің техника – криминалистикалық сараптамасы.....	

<b>Жумаханова Х.Ж.</b> Телефонды сөйлесімдерді тыңдаудың құқықтық аспектілері.....	
<b>Жумаханова Х.Ж.</b> Қорқорды қорғайтындар «қор» болды.....	
<b>Ибраева А.Ч.</b> Проблемы профилактики преступлений, совершаемых детьми с девиантным поведением.....	
<b>Ибрашев Н.М.</b> Қорқытып алушылық қылмысы бойынша кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикалық ерекшеліктері.....	
<b>Ильяшева Д.Б.</b> Адвокатская тайна.....	
<b>Итахунова Г.</b> К вопросам предупреждения насилия над женщинами.....	
<b>Кабен Н.</b> Проблемы предупреждения женской преступности.....	
<b>Каймулдинова П.</b> Трасология.....	
<b>Калилаханов А.</b> Значение обвинительной речи прокурора в судебном разбирательстве.....	
<b>Кожаметова А.</b> Участие адвоката в гражданском процессе.....	
<b>Кудабаева А.Б.</b> Кәмілеттік жасқа толмағандардан жауап алудың ерекшелігі.....	
<b>Кусаинов А.Г.</b> Доказательственная речь (как должна звучать убедительная речь).....	
<b>Макрушин А.О.</b> Виды судебных речей и их особенности.....	
<b>Малқарбаева М.</b> Общеуголовная корыстная преступность.....	
<b>Мәулен Қ.Ә.</b> Ізін суытпай қылмыстарды тергеудің әдістемесі.....	
<b>Мірәлиева М., Үмбет А.</b> Қазақстан Республикасында адвокаттық қызметінің мәселелері.....	
<b>Мукажан А.</b> Проблемные вопросы квалификации хулиганства.....	
<b>Муратова А.</b> Қазақстан Республикасында кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.....	
<b>Нұрланұлы Б.</b> Қылмыстан сақтандырудың жүйеленуі.....	
<b>Омарова М.С.</b> Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының биліктің басқа да тармақтарымен өзара байланысы.....	
<b>Омарова Н., Омарова М.</b> Шет мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.....	
<b>Өрісбаева З.Т.</b> Жол-көлік оқиғасын тергеу әдістемесі.....	
<b>Сағынаева Ұ.С.</b> Криминалистикалық есепке алу және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
<b>Сағынбаева Ә.Е.</b> Қылмыстық заңды дамыту – негізгі құқықтық қажеттілік.....	
<b>Сандықбаева А.</b> Причины и условия преступности несовершеннолетних.....	
<b>Сатыбалдина С.К.</b> Тінту тактикасының ерекшеліктері.....	
<b>Сембай Д.</b> Жауап алу тактикасының ерекшеліктері. Кәмілет жасқа толмағандардан жауап алу немесе жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер.....	
<b>Серик М.Т.</b> Обстоятельства, исключющие участие адвоката в качестве защитника.....	
<b>Серікбаев А.М.</b> Криминалистикалық одорология және оның қылмыстарды ашу мен тергеудегі маңызы.....	



<b>Тастанов А.Д.</b> Азаматтық істер бойынша адвокат өкілдің рөлі: құқықтық негіздемелері.....	
<b>Тойшыбаева А.</b> Судебная речь.....	
<b>Торбек А.С.</b> Адвокат в уголовном процессе.....	
<b>Төлмұратова А.Т.</b> Адвокаттық құпия.....	
<b>Халимназаров Б.</b> Некоторые вопросы деятельности органов прокуратуры в Республике Казахстан.....	
<b>Хильман А.И.</b> Телефонды сөйлесімдерді криминалистикалық қамтамасыз ету.....	
<b>Шарафи С.</b> Проблемы оперативно-розыскной деятельности.....	
<b>Шукуралиев Ф.</b> Некоторые вопросы модернизации правоохранительной системы.....	
<b>Ягмусова А.</b> Эвтаназия: проблемы квалификации и правового закрепления...	

